"Prof-Facade" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖСН 161240012559
Мекен-жайы: ҚР, Шымкент қ., Бозарық-2, 218уч. Тел:8701-477-7559

Товарищества с ограниченной ответственностью "Prof-Facade"

БИН 161240012559
Адрес: РК, г.Шымкент, Бозарык-2, уч.218. Тел:8701-477-7559

Шығыс №1/3, 04.03.2025 ж.

Президент Әкімшілігіне
ҚР Қаржы министрлігі
Конкурстық комиссияға

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша «Средний ремонт ул. Гагарина от проспекта Н. Назарбаева до ул. Каз. Правды в г. Павлодар» жұмысы, **№13951080-3** конкурсына "Prof-Facade" ЖШС қатысқан болатын. Алайда, Конкурстық комиссия тарапынан көптеген қателіктер орын алып, "Prof-Facade" ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктер әділ берілмеген. Шын мәнінде "Prof-Facade" ЖШС-не жұмыс тәжірибесін есептеу барысында 5% шартты жеңілдік берілуі тиіс.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ҚАҒИДАСЫ

244. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша сатып алынатын жұмыстар нарығында жұмыс тәжірибесі болған әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

245. Конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын жұмыстар нарығында, оның ішінде конкурстың мәні болып табылатын ұқсас (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыс тәжірибесі болған **әрбір жыл үшін бір пайыз (1%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді**.

Егер бір жыл ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде ұқсас (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша бірнеше жұмысты орындаған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыс түрлеріне ұқсас (ұқсас болу) әрбір келесі орындалған жұмыс үшін **нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2%) мөлшерінде шартты жеңілдік береді**.

246. Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша қосалқы мердігер ретіндегі жұмыс тәжірибесі есепке алынбайды.

247. Егер конкурстың мәні автомобиль жолын орташа жөндеу болып табылса, онда **құрылыс-монтаждау жұмыстарының және автомобиль жолдарын орташа жөндеудің жұмыс тәжірибесі ескеріледі**.

248. Егер әлеуетті өнім беруші құрылыс-монтаждау жұмыстарының жұмыс тәжірибесін мәлімдеген болса, жұмыс тәжірибесін растайтын құжат Мемлекеттік сатып алу саласында тізілімдерді қалыптастырудың және жүргізудің қағидаларына сәйкес жұмыс тәжірибесінің тізіліміне енгізілетін құжаттардың электрондық көшірмелері болып табылады.

Бұл ретте мұндай жұмыс тәжірибесі ол туралы **"Расталды"** мәртебесімен жұмыс тәжірибесі тізіліміндегі мәліметтер мен құжаттар болған кезде ескеріледі.

249. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар тапсырыс берушілер болып табылатын объектілер бойынша **орындалған жұмыстар актілерінің тиісті электрондық көшірмелері** автомобиль жолдарын орташа жөндеу жөніндегі жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады заңды тұлғалар.

"Prof-Facade" ЖШС-нің конкурсқа берген өтініміндегі БІЛІКТІЛІГІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТІ бойынша есептелуі тиіс шартты жеңілдік

	Жұмыстың атауы / жылы	Берілуі тиіс шартты жеңілдік	Негіздеме
1	Средний ремонт ул.Жандосова в АльФарабиском районе г.Шымкент **2020 жыл**	**1 %**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
2	Средний ремонт дороги улицы Толеби (ЖД88), город Кентау **2022 жыл**	**1 %**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
3	Средний ремонт дорожного покрытия улицы Толеби (от пр.Яссави до ул. Аль-Фараби) в г. Кентау **2023 жыл**	**1 %**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
4	Средний ремонт дорог города Талдыкорган (пешеходные тротуары в Западном жилом районе) **2023 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
5	Работа по среднему ремонту улицы Жайык в селе Кемертоган Карасайского района Алматинской области **2024 жыл**	**1 %**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
6	Строительство местного проезда для доступа к объектам предпринимательства и автостоянки на пересечении улиц и проспектов Байдибек би- Аргынбекова в г. Шымкент **2024 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 247, 248 тармағына сәйкес жұмыс тәжірибесі Реестрінде (Электронды депозитарий) РАСТАЛДЫ мәртебесі бар.
7	Работа по среднему ремонту и по устройству новых тротуаров на улице Ынтымак с. Булакты,улица Макатаева с. Абай Карасайского района Алматинской области **2024 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
8	«Средний ремонт улиц Абай км 0 – 0,370; Балбырауын км 0 – 0,755; Ушконыр км 0 – 0,350; Шадиев км 0 – 0,570 в с.М.Оразалиев, Колкентского с/о , Сайрамского района, Туркестанской области» **2024 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
9	Работа по среднему ремонту улицы Каркаралы в селе Уштерек Карасайского района Алматинской области **2024 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 244,245,247, 248 және 249 тармақтары бойынша АВР ұсынылуына байланысты есептелуі тиіс
10	Строительство наружных инженерных сетей здания школы на 600 мест в населенном пункте С.Кожанов, сельского округа Ушкайык, Сауранского района, Туркестанской области (дорог, пешеходных дорожек, уличного освещения) **2024 жыл**	**0,2%**	Қағиданың 247, 248 тармағына сәйкес жұмыс тәжірибесі Реестрінде (Электронды депозитарий) РАСТАЛДЫ мәртебесі бар.
	БАРЛЫҒЫ	**5,2%**	

Жоғарыдағы көрсетілген нақты дәлелдерді негізге алып, 2020-2024 жылдар аралығында орындалған жұмыстар толық заңға сәйкес келетінін ескеруді талап етемін.

Жоғарыда келтірілген нақты дәлелдерді негізге алып, Сізден осы конкурстың қорытындысын қайта қарап, "Prof-Facade" ЖШС-нің жұмыс тәжірибесі бойынша 5% шартты жеңілдік беруді сұранамын.

«Prof-Facade» ЖШС директоры **Жаимбетов Т.З.**